Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша Ералиева Аружан Ералиқызының «Тұрақты даму контекстінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі» тақырыбындағы диссертациясының аннотациясы

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Қазіргі кезең цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен сипатталады. Олар қоғамдық өмірдің барлық салаларына терең ықпал етіп, мемлекеттік басқарудың дәстүрлі нысандарын түбегейлі түрлендіруде. Осындай жағдайда цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі ерекше маңызға ие болуда. Ол мемлекеттің тек экономикалық өсуді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікті, инклюзивтілікті, азаматтардың цифрлық институттарға деген сенімін және басқару шешімдерін қабылдауға олардың қатысуын қамтамасыз ету қабілетін білдіреді.

Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің негізгі көрсеткіші болып табылады, өйткені дәл цифрлық құралдар арқылы әлеуметтік бірігу, өмір сүру сапасын арттыру және жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейту тетіктері іске асырылады. Цифрландыру адам капиталы мен әлеуметтік тұтастықты нығайтудың, сондай-ақ ашықтық, айқындық және жауапкершілік қағидаттарына негізделген мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа моделін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың **мақсаты** – әлеуметтік әсерді бағалау және әлеуметтік құндылықты қалыптастырудың әдіснамалық тәсілін қолдану негізінде тұрақты даму контексінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалаудың тұжырымдамалық моделін әзірлеу, сондай-ақ оны іске асыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** шешілді:

- Мемлекеттік басқаруды анықтаудың тұжырымдамалық тәсілдері талданып, қоғамның тұрақты дамуын әлеуметтік бағдарланған әрі әлеуметтік тиімді мемлекеттік басқарудың авторлық моделі негізделді;
- Қоғамды цифрландыру үдерісіне ұғымдық-категориялық талдау жүргізіліп, тұрақты даму контексінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді;
- Қазақстанда цифрландыруды мемлекеттік басқару практикасына бейімдеу мақсатында цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалаудың әлемдік тәжірибесі зерттелді;
- Қазақстан Республикасында цифрландыруды мемлекеттік басқарудың институционалдық-құқықтық дамуының ерекшеліктері айқындалды;
- Цифрлық мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге талдау жүргізілді;
- Практикаға бағдарланған ұсынымдарды қалыптастыру мақсатында цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі бағаланды;

- Тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында цифрлық алшақтықты қысқарту жөніндегі ұсынымдар әзірленді;
- Әлеуметтік тиімділіктің факторы ретінде киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар мен практикалық ұсынымдар негізделді;
- Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолдану бағыттары айқындалды.

Зерттеу объектісі тұрақты дамуға көшу жағдайындағы цифрландыруды мемлекеттік басқару үдерісі болып табылады.

Зерттеу пәні – тұрақты даму контексінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық қатынастардың, тетіктер мен құралдардың жиынтығы.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпығылыми таным әдістерімен қатар арнайы әдістер де құрайды. Қолданылған әдістердің қатарына деректерді жинау әдістерін, статистикалық талдау әдістерін, кейс-зерттеу және салыстырмалы талдау әдістерін бөліп көрсетуге болады. Жоғарыда аталған әдістер Қазақстандағы цифрландырудың қазіргі жай-күйі туралы қажетті ақпаратты жинауға, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін талдау және бағалау үшін деректер алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі сипаттамасы. Диссертацияда цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі мемлекеттік қызметтің нәтижелілігінің ең жоғары нысаны болып табылатыны дәлелденген, ол цифрлық ортада мемлекет пен қоғам мүдделерінің үйлесу дәрежесін, сондай-ақ мемлекеттік институттардың азаматтардың цифрлық игіліктер мен қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді. Автор ұсынған цифрландыруды әлеуметтік тиімді мемлекеттік басқарудың мәндік моделі цифрландырудың экономикалық, институционалдық және гуманитарлық өлшемдерін интеграциялап, оларды тұрақты даму міндеттерімен байланыстырады. Әлеуметтік әсер мен әлеуметтік құндылықты айқындау негізінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалау тәсілін негіздеу цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалаудың авторлық тұжырымдамалық моделін әзірлеуге мүмкіндік берді. Халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау цифрлық мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі цифрлық кемелдену деңгейі жоғары елдерде – Оңтүстік Корея, Сингапур және Финляндия сияқты мемлекеттерде – басым бағыт болып табылатынын көрсетті.

Екінші тарауда Қазақстан Республикасындағы цифрландыру мен әлеуметтік дамудың институционалдық-құқықтық базасына кешенді талдау жүргізілді. Цифрландыруды реттейтін нормативтік құжаттардың негізінен технологиялық аспектілерге бағытталғаны, ал цифрландырудың әлеуметтік параметрлерінің фрагментарлы түрде ғана көрініс табатыны анықталды.

Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың қоғамның әл-ауқатына ықпалын талдау цифрландыруды мемлекеттік басқару деңгейі мен халықтың әлеуметтік әл-ауқат көрсеткіштері арасында тікелей өзара байланыс бар екенін

көрсетті. Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалау әлеуметтік әсер мен қалыптасатын қоғамдық құндылық тұрғысынан цифрлық өзгерістер саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижелілік дәрежесін айқындауға мүмкіндік берді.

Үшінші тарауда әлеуметтік тиімділікті арттырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде цифрлық алшақтықты жою атап көрсетілген. Диссертацияда кең жолақты интернет инфрақұрылымын дамыту, цифрлық сауаттылық бағдарламаларын енгізу, цифрлық кәсіпкерлікті қолдау және азаматтардың цифрлық бастамаларға қатысуын ынталандыруды қамтитын кешенді шаралар ұсынылған. Автор цифрлық алшақтықты қысқарту Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттарын іске асырумен тікелей байланысты екеніне ерекше назар аударады. Киберқауіпсіздік цифрлық мемлекетке қоғамдық сенімді қалыптастырудың негізгі шарты ретінде қарастырылады. Арнайы көңіл киберқауіпсіздіктің әлеуметтік құрамына аударылған – азаматтардың жеке ақпаратқа, цифрлық жеке басына және желідегі ақпараттық қауіпсіздікке құқықтарын қорғау. Киберқауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтау қоғамның цифрлық мемлекеттік институттарға сенімін нығайтып, әлеуметтік тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару үдерістерін оңтайландыруда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының рөлі негізделіп, әлеуметтік тиімділікті арттыру мақсатында ЖИ қолдану бағыттары ұсынылған. Бұл құралдар этикалық принциптер мен ашықтық механизмдерін сақтай отырып енгізілуі тиіс екені атап өтілген.

Диссертацияның **ғылыми жаңалығы:**

- «Мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі» ұғымын мемлекеттік басқарудың ең жоғары нәтижелі сипаттамасы ретінде анықтауға авторлық тәсіл негізделді, бұл әлеуметтік құндылықты қалыптастыру арқылы тұрақты дамуды әлеуметтік бағдарланған басқарудың мәндік моделін әзірлеуге мүмкіндік берді.
- Әлеуметтік әсер мен әлеуметтік құндылықты анықтау негізінде цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалау тәсілі негізделді, бұл тұрақты даму контексінде қоғамның цифрлық трансформациясын және цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалаудың авторлық тұжырымдамалық моделін әзірлеуге мүмкіндік берді.
- Мемлекеттік бағдарламалар мақсаттарына сәйкестік, экономика, әлеуметтік әсер және әлеуметтік құндылық/тұрақтылық деген төрт блокты қамтитын Цифрландырудың әлеуметтік тиімділігінің интегралдық индексі (ЦӘТИ) әзірленді.
- Қазақстанда цифрлық басқарудың әлеуметтік тиімділігін іске асыруды шектейтін институционалдық кедергілер анықталып, оларды цифрлық компетенциялар дамыту және цифрлық алшақтықты азайту арқылы жеңу бағыттары айқындалды.
- Мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін арттыру мақсатында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, цифрлық сенім инфрақұрылымын

дамыту және жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша ұсыныстар қалыптастырылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі тек цифрлық бастамалардың нәтижелерімен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік институттардың халыққа цифрлық игіліктерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, цифрлық ортаға сенімді қалыптастыру және адам әлеуетін дамыту қабілетімен анықталады.
- Цифрлық технологиялар әлеуметтік өзгерістердің негізгі факторы болып табылады, олар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің бағыты мен қарқынын айқындайды. «Оцифрлау», «цифрландыру» және «цифрлық трансформация» ұғымдарын айыру цифрлық технологияларды меңгерудің кезеңдерін және олардың әлеуметтік салаға әсерінің тереңдігін көрсетеді. Цифрлық дамудың сатыларына байланысты басқару объектілеріне дифференциалды тәсіл цифрлық өзгерістерді мақсатты реттеуге мүмкіндік беріп, қоғамның тұрақты дамуы мүддесінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.
- Цифрлық технологияларды енгізудің жоғары қарқыны мен техникалық жетістіктерге қарамастан, цифрлық трансформациялардың әлеуметтік әсері мен тұрақты құндылығы шектеулі болып қала береді, бұл мақсатты басқарушылық шешімдерді талап етеді. Бұл автордың зерттеуінде ұсынылған Цифрландырудың әлеуметтік тиімділігінің интегралдық индексін (ЦӘТИ) қолдана отырып жасалған цифрландырудың әлеуметтік әсерін интегралды бағалау нәтижелерімен расталады.
- Цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін цифрлық алшақтықты қысқартудың қажеттілігімен анықталады. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту аймақтық цифрлық теңсіздікті азайтады, ал халықтың цифрлық сауаттылығы мен компетенциясын арттыру инклюзивті цифрлық ортаны қалыптастырады. Цифрлық трансформацияның прогресін жүйелі бақылау нәтижелерді бағалауға мүмкіндік берсе, салалар арасындағы өзара әрекеттестік пен халықаралық ынтымақтастық алдыңғы тәжірибені жеткізуге және цифрландыру практикаларын стандарттауға ықпал етеді.
- Мемлекеттік басқаруда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану цифрлық қызметтердің адресаттылығын және ашықтығын арттырады, ұсынылатын қызметтердің әртүрлі азаматтық санаттардың қажеттіліктеріне дәлірек сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл халықтың мемлекеттік институттарға сенімін арттырып, әкімшілік кедергілерді азайтады және қызмет көрсету жылдамдығын жоғарылатады, сондай-ақ ресурстарды тиімдірек бөлу және мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің сапасын жақсарту арқылы басқарудың әлеуметтік тиімділігін арттырады.

Зерттеу нәтижелерінің **теориялық маңыздылығы**: жұмыста келтірілген негізгі тұжырымдар, қорытындылар және ұсынымдар цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігі мен цифрлық экономиканы дамыту концептуалдық табиғатын ғылыми түсінікті жүйелеуге және кеңейтуге ықпал етеді. Зерттеу мемлекеттік басқару, цифрлық экономика және тұрақты даму арасындағы өзара байланыстың теориялық шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазақстан тәжірибесін талдай отырып, зерттеу теориялық салаға жаңа аспектілер енгізе алады, мемлекеттік басқарудың цифрлық технологияларды дамытуға және нақты аймақтық контексте тұрақты дамуға әсерін түсінуді байытады. Зерттеу нәтижелері цифрлық экономиканы қалыптастыру саласындағы мемлекеттік басқарудың теориялық негізін дамытуға қолданылуы мүмкін. Олар осы білім саласындағы болашақ зерттеулер үшін негіз бола алады.

Автордың алынған нәтижелерінің **практикалық маңыздылығы** институционалдық-құқықтық жүйені жетілдіру кезінде тұрақты дамуға арналған цифрландыруды және цифрлық трансформацияны мемлекеттік басқаруды дамытуға бағытталған теориялық-әдіснамалық тәсілді, әдістемелік және ұйымдастырушылық-экономикалық құралдарды қолдану мүмкіндігінде көрініс табады. Зерттеудің практикалық мәні Қазақстанда тұрақты даму контексінде цифрландыруды және цифрлық трансформацияны мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін бағалау моделін ұсынуда жатыр. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы цифрландыру саясатын және цифрлық экономиканы қалыптастыруды жетілдіру үшін негіз бола алады. Олар қазіргі саясаттың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және оны жетілдіруге арналған ұсынымдарды негіздеуге көмектеседі.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 1 мақала – Scopus деректер базасына енген журналда; 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 9 мақала – халықаралық конференциялар материалдарында.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. 1-тарауда тұрақты даму жағдайында цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігінің теориялық және әдіснамалық аспектілері қарастырылған. 2-тарау Қазақстан Республикасындағы цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін талдауға және бағалауға арналған. 3-тарауда Қазақстан Республикасында цифрландыруды мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігін арттыру жолдары ұсынылған.

Диссертация MS Word бағдарламасында терілген 199 беттен тұрады және 47 сурет, 27 кесте мен 282 атаудан тұратын пайдаланылған дереккөздер тізімін қамтиды.